Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті, «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар» атты философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензент
ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Конвергенция, дата журналистика, digital медиа, медиа-меншік және мультимедиалы журналистика сияқты сөздер бүгінгі журналистік білім берудің, ғылыми зерттеулердің,практикалық журналистиканың жиі қолданылатын терминдер қатарына енді. Мультимедианы түрлі қырынан зерттейтін ғалымдар мен ол жайында жазылған әдебиеттер саны да артып келеді, дегенмен аталмыш термин қолданылу саласы мен зерттеу бағытына қарай түрлі анықтамаға ие болғаны рас. Сол сияқты жаңалық жұмысындағы мультимедианың алатын орны мен оның журналисттік өнім дайындаудағы маңыздылығын зерттеу әлі де жалғасуда. Бұл жұмыста журналистикадағы мультимедианың әлеуметтік-мәдени контексті, оның қазіргі заманғы жаңалықтар редакциялары мен медиа ұйымдар үшін маңызы және Еуропа мен АҚШ-тағы тәжірибелері талданады. Соның ішінде контентті мультимедиалаудың негіздері, алғы шарттары мен түрлі трендттері қарастырылады. Бұл жұмыс аталмыш құбылыстың практикалық тұстарын жіктеу тұрғысынан өте құнды. Диссертацияның басты артықшылығы – осы деп білемін.

Интернет, әлеуметтік желілер және жаңа медиа құралдары қоғамдық пікірді анықтаудың, оқырманмен, халықпен байланыс орнатудың ең қарқынды дамып жатқан құралы болғандықтан, дәстүрлі журналистикадағы ақпарат ұсыну технологиясы мен аудитория байланысының бұрынғы әдістері ескірді. Ақпарат құралдарының заманға тез бейімделуі, технологияның соны жаңалықтарын тез меңгеруі оның болашақ тағдырын айқындайды. Осындай жағдайда қазақтілді Интернет кеңістігі, соның ішінде қазақтілді ақпарат құралдарының Интернет-сайттары басқа тілдегі сайттармен, соның ішінде әлеуметтік желілердің өздерімен қатаң бәсекеге түсіп отыр. Бұл жұмыс оқырман мен ақпарат құралы арасындағы бұдан былайғы қарым-қатынастың табиғатын айқындап, болашағына бағдар жасау тұрғысынан өте пайдалы.

Зерттеу тақырыбы өзектілігі жаңашылдығы мен бүгінгі журналистика трендертімен байланысы зор. Сондай-ақ, еліміздің ақпараттық саясатымен тығыз ұштасып жатыр. Әсіресе, 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасымен үндестік табады. Ізденуші Айкерим Алимжанованың алған тақырыбын жақсы зерттегендігі жұмысынан көрініп тұр.Теориялық материалдарды өз деңгейінде талдаған. Қосымша сауалнама

да жасаған. Осы бағытта көп зерттеулер жүргізілген алдыңғы кезекте Америка Құрама Штаттары, Нидерланды, Канада, Жапония зерттеушілерінің, содан кейін Ресей Федерациясы, Еуропа және отандық ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу объектісінің табиғатын, ғылыми жіктеуін, қамту аумағы мен шекарасын талдап береді.

Мультимедиалы журналистиканың жаңа технологияларына арналған диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылып жатқан жалпы мемлекеттік бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

2. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Докторанттың ғылыми ізденісі барысында көтерген мәселелелері АҚШ, Нидерланд, Канада, Жапония, Ресей ғалымдары мен еуропалық теоретиктердің еңбектерінде белгілі дәрежеде зерттелген. Бірақ отандық әдебиеттерде, әсіресе, журналистика теорияларына арналған еңбектерде мүлде аз зерттелген. Зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» көрсетілген талаптарды толық қамтиды және түгелдей жауап береді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу тақырыбының жүйесі мен мазмұнын ашуға негізделген. Диссертация бір бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырып тұратын үш тараудан, қосымшадан тұрады. Жұмыстың негізгі мазмұны өз жүйелігімен және қойылған талаптарға сай мақсатқа жетуде, міндеттерді шешуде зерттеу пәні мен нысанын зерделеуде өз қисындылығымен сипатталады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізген нәтижелердің өзара бірлестігі мен олардың іштей үйлесімділігі тікелей тақырыпқа сай.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

біріншіден, тақырып өзекті, бүгінгі Интернет журналистикасындағы жаңашыл тақырыпты қозғайды, мультимедиалы журналистика тарихы мен табиғатын ашады, ондағы жаңа трендтерге көңіл аударады және ғылыми қорғауға лайық;

екіншіден, жұмыстың ғылыми аппараты дұрыс, тараулары мен бөлімдері логикалық түсінікті құрылған, өзара сабақтасып, жетіліп, толықтырып отырады;

үшіншіден, ғылыми зерттеу әдістері нақты көрсетіліп тұр, контент-сараптама, типологиялық салыстыру, ғылыми талдау, мониторинг жасау, сонымен қатар жанрлық және лингвостилистикалық талдау қолданылады;

төртіншіден, зерттеуші өзінің қорытатын материалдарын жүйелеуде отандық және батыстық жетекші ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді, келтірген цитаталары мен дәйектері орынды;

бесіншіден, ұлттық ерекшелігіміз ескеріліп, кешегі тарихымыздың деректері орынды қолданылады және бүгінгі күнмен сабақтастырылады;

алтыншыдан, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жасалынған журналистика саласындағы түрлі зерттеулердің, ғылыми тезистердің ерекшеліктері тарқатылады, жаңа үрдістерге ғылыми баға беріледі;

жетіншіден, ғылыми жұмыс біртұтас және бірегей еңбек, барлық элементтері тақырыпты ашуға, ғылыми тұжырымдауға бағытталған, авторлық көзқарасы айқын.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген. Сонымен катар ізденуші негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық позициялармен анықталады

5. Академиялық адалдық принципі.

Докторант А.Б.Алимжанова зерттеу жұмысын жазу барысында өзге зерттеушілер мен ғалымдардың авторлық құқығын сақтап, академиялық адалдыққа сай жұмыс жасаған. Сонымен қатар қолданған барлық дереккөздерге сілтеме берген және ғылыми зерттеуге қойылатын талаптарға толық жауап береді деген пікірдемін.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Диссертацияда жинақталған ғылыми түйіндерді, іріктелген тұжырымдар мен байыптауларды журналистика саласында, жаңа медиаға кіріспеде, Интернет журналистика саласында, көсемсөзде, мультимедиа журналистикасы теориялық және практикалық салаларында кеңінен қолдануға болады. Сондай-ақ, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың мақсат, міндеттеріне сәйкес келеді.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді.

Диссертацияда көрсетілгендей, зерттеудің негізгі тұжырымдары мен қорытындылары бойынша ғылыми мақалалар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарық көрген. Сонымен бірге Скопус (Scopus) мәліметтер базасына және Томсон Рейтерс (Tomson Reuters) жоғары рейтингілі басылымдар енетін импакт-факторы нөлдік емес журналда, халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарында баяндалаған.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

- Еңбекте мультимедиалы журналистиканың ең алғашқы өнімдеріне, олардың даму динамикасы мен оларды жариялаған басылымдардың редакциялық ұстанымдарына тоқталмаған;
- үшінші тараудың «Медиасауаттылық мәселелерін анықтауға арналған сараптама нәтижелері» деп аталатын екінші бөлімі диссертацияның тақырыбы мен мақсатына сай келмейді. Оның орына Қазақстандағы мультимедиалы журналистік өнімдерді контенттік сараптама тұрғысынан, құқықтық-этикалық және экономикадық-қаржылық мәселелері тұрғысынан сараптама жасауы зерттеудің құндылығын одан әрі арттырар еді;
- жұмыстағы кейбір орфографиялық және стильдік қателіктерді түзетіп, ғылыми стильде редакциялап шыққан жөн.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе, кейбір ескертпелерді түзеткен жағдайда Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар»атты диссертациясы «Журналистика» шифрі бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Сулейман Демирел Университеті
Әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі,
PhD доктор **Саудбаев М.**